

намерена объединить все конструктивные силы общества на платформе поддержки Нурсултана Назарбаева и обеспечить ему новые возможности для завершения политических реформ. 4 июля 2006 года на IX внеочередном съезде РПП «Отан» в г. Астане объединились РПП «Отан» и Республиканская партия «Асар». Лидер партии «Нур Отан» - Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Партия «Нур Отан» - партия Президента Казахстана и его политическая опора. В своей деятельности партия реализует инициативы Главы государства, уделяя особое внимание задачам возрождения села, развития аграрного производства, отечественной промышленности, малого и среднего бизнеса. В 2007 году Партия "Нур Отан", возглавляемая Президентом Казахстана Нурсултаном Назарбаевым, набрала, по предварительным данным, более 88%. Другие партии, участвовавшие в выборах, не смогли преодолеть необходимый для прохождения в парламент барьер в 7%.

Одной из основ народно-демократической партии «Нур Отан» является принцип — «Наша сила — в единстве!». Своим примером партия доказывает, что это не просто слова, а реализованная формула гармоничного сосуществования. Казахстан — уникальная страна, где проживают люди самых разных национальностей, культур и конфессий. На взаимном уважении, терпимости, толерантности строится казахстанская государственность. Сильная и разветвленная структура партии «Нур Отан» гарантирует оперативное реагирование на ключевые проблемы населения в любом уголке страны. К работе по реализации партийных программ подключены все структуры партии, ее центральный аппарат, депутаты Парламента и маслихатов, первичные партийные организации и рядовые члены. Действенным каналом диалога с народом стали общественные приемные «Нур Отан». Об эффективности их работы говорит статистика, подтверждающая, что по итогам только первого квартала этого года в общественные приемные поступило 2 845 обращений. Налицо и благодарность граждан за конкретную помощь, консультации и разъяснения по тем или иным вопросам. то, что партийцы не склонны «шуметь» по каждому поводу и совсем без повода, — несомненно, признак уверенности и мощи «Нур Отана», взвешенности ее подходов, ориентированных не на сиюминутный эффект, а на долгосрочную перспективу. Необходимо отметить, что сегодня «Нур Отан» — это сплоченная политическая сила, способная путем конструктивной и предметной внутренней дискуссии выработать правильные решения и проводить их в жизнь. Партия возникла по воле казахстанского народа и для служения ему. Члены партии не знают иной, более значимой цели, чем обеспечение процветания государства и достойной жизни его граждан.

1. Дьяченко С.А. Все наши надежды связать воедино// *Казахстанская правда*. - 2007. -10 июня.

2. Интернет-ресурс www.wikipedia.org

Түйін

Қазақстан Республикасында мемлекеттік биліктің даму үдерісі, оның өзіндік ерекшеліктері сипатталған. Мемлекеттік билік жүйесінің тарихында саяси партиялардың қалыптасу барысы мен отандық ерекшеліктері қамтылған.

Summary

In given article are described processes of the development, particularities state authorities in Republic Kazakhstan. The Lit processes of the formation political party and their domestic particularities in histories of the system state authorities.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ

САҚТАҒАН БӘЙШЕВ ТУРАЛЫ

Б.М.Мамбетов –

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ізденушісі

Белгілі ғалым, қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сақтаған Бәйішевтің орны ерекше. С.Б. Бәйішев еліне ғылымда өз талантымен, зерек ақыл-ойымен, терең білімімен және де тапқыр да қоғамдық-саяси қызметімен дараланған қайраткерлердің бірі.

Сақтаған Бәйішұлы Бәйішев 1909 жылы 1 (13) октябрьде Ақтөбе облысындағы Байғанин ауданының №1 ауылында, қазіргі Ақжар селосында дүниеге келген.

Әкесі Бәйіш Темірбекұлы ескіше хат танитын, бес намазын уақытында жібермей оқитын, ел жұртының тарихын, әдет-ғұрпын білетін өз дәуірі үшін өзінше парасатты, ел ішінде замандастары арасында Бекең деп аталып жүрген адам болса, анасы Дәмелі Арыстанбекқызы жеті құрсақ көтеріп, тәрбиелеген ана.

С. Бәйішев бес ұл, екі қыз арасындағы сүт кенжесі болған. Әкесі оқуға бейім кенжесін 1920 жылдың күзінде бұрынғы Жем-Байсары болысының №1 ауылынан (қазіргі Байғанин ауданы, Ақжар ауыл советі) Темір қаласындағы жеті жылдық орыс-қазақ еңбек мектебіне оқуға берген. Болашақ ғалыммен бірге «жеті жылдық орыс-қазақ мектебіне сол ауылдан тағы үш бала оқуға келіп түскен еді, әр түрлі себептермен үшеуі де оқуын тастап ауылға қайтып кетті»-дейді өзі туралы берген мағлұматында /1/.

Ол 1927 жылы түскен оқуын бітіріп, комсомол шақыруы бойынша Орталық Қазақстанға Қарсақпай мыс қорыту зауытына келіп еңбекке араласады. Онда ол өндірістік те қоғамдық жұмыстарды қатар алып жүреді. Мысалы, Қарағанды облысы Қарсақпай қаласында Қарсақпай аудандық бюросының жас пионерлер төрағасы болып бір жылдан астам уақыт жұмыс істейді.

1928 ж. С. Бәйішев Шымкент облысы Түркістан қаласындағы Қарсақпай аудандық комитетінің БЛКЖО жауапты хатшысы болып ауысады. Артынша небәрі жиырма бір жасында-ақ Шымкент қаласының БЛКЖО Сырдария округтік комитетінде бөлім меңгерушісі қызметін атқарады /2/.

С. Бәйішевтің жастайынан-ақ тығыз жұмысы басталып бір уақытта бос мезгілі болмай қызу қызмет бабына осылай араласып кетеді. Ол жұмыс барысында өзінің байсалды әрі жауапкершілікті де адал еңбеккерлігімен танылады.

1930 ж. Оңтүстік Қазақстан облысы Славянка поселкісіндегі Махтаарал аудандық комсомол комитетінің жауапты хатшысы болса, осы жылдың соңына қарай Алматы қаласында шығатын «Лениншіл жас» газетінің редакторының орынбасары және бөлім меңгерушісі болып ауысады /3/.

1931-1933 жылдары Ташкент қаласында Қызыл Армия қатарында тоғызыншы атқыштар полкінде міндетті әскери қызмет атқарып жүріп, жоғары оқу орындарына дайындайтын кешкі бір жылдық курсты бітіреді. Сөйтіп, 1933 жылдың күзінен бастап Алматыдағы сол кездегі танымды үлкен оқу орындарының бірі болған, Москвадағы Қызыл профессура институтының бөлімшесі-филиялы деп аталатын Марксизм-ленинизм институтына оқуға түсіп, оны 1937 жылы үздік бағамен бітіріп шығады.

Оқуды жаңа бітірген отызға толмаған жас маман сол уақыттан бастап ақ басшылық қызметтерге тағайындалады. Ол 1937-1938 жылдары Партия тарихы институтының директоры болып, осы жылдың сәуір айынан бастап Ұлы Отан соғыс басталғанға дейін «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы болды.

Бұдан кейінгі бүкіл адамзат өмірінің астан-кестенін шығарған сұрапыл соғыс басталған тұс, ерлерін майданға аттандырып, әйелдерін қара жұмысқа шегкен аласапыран аттай бес жыл уақыт тек өмір мен өлімнің толқындағы арпалыс басталған еді. С. Бәйішев те өз сұранысымен қанды майданға аттанып саяси жеке әңгімелер жүргізіп, жауынгерлерді ұрысқа даярлауға және сержанттар мен офицерлерді алдағы шабуылдарға шығу айла-тәселдеріне үйрете жүріп сұрапыл соғыстың қақ ортасында бес жыл болады.

1942 жылы 100-жеке атқыштар бригадасының әскерри комиссары болып Алматы қаласынан бастап Мәскеу қаласы және Калинин майданынан өтеді. 1942 жылдың қазанынан 1943 жылдың маусымына дейін Калинин майданында Жүзінші атқыштар бригадасының саяси бөлімінің командирінің орынбасары болса, 1944 жылдың қаңтарына дейін Калинин және Бірінші Прибалтика майданында Жүзінші атқыштар бригадасының саяси бөлімінің бастығы болып ұрысқа араласады. С. Бәйішев өзінің ептілігін соғыс майданында да көрсете білді. Ол басқарған баригада үнемі неміс басқыншыларын ілгері жылжитпай, қосымша көмектерге кенде қылмай бар күш жігерімен ақылды айла-тәсілімен соғыса білді.

1944 жылы 11 шілдеде 145-атқыштар дивизиясына Глав ПУРКА жұмысшысы С. Бәйішев келеді. Онда Литва территориясын неміс басқыншыларынан арашалау кезінде фашистердің Швента өзені арқылы қатігездікпен шабуыл жасап, Оникшты қаласын алмақшы болған күшті шешуші ұрысы болады. 15 шілденің таңсәрісінде Оникшты қаласын алу үшін анталаған немістермен бірге олардың қаптап келе жатқан 20 шақты танкісімен бірге жаудан тазарту оңайға түспеді. Басында жүрексінген жауынгерлерді ұрыс алаңына дәл уақытында келген подполковник С.Бәйішевтің басқаруымен соғыс алаңындағы шиеленісе сасып қалған жағдайды қалпына келтіріп, қарсы жаққа қарай біздің жауынгерлердің батыл қимылын үдетіп жіберді. Сөйткен қаланы алу барысындағы шешуші ұрыста подполковник С. Бәйішевтің батыл шешімімен жау тылын тоқтатады. Осы кездегі беті қайтып қалған жаудың екінші рет жасаған шабуылы сәтсіз шығады. Бұдан кейін қатігез басқыншылардың үшінші шабуылы бар еді. Осы шабуылда подполковник С. Бәйішев жарақат алады. Бірақ ол жараланғанына қарамастан соғыс алаңында қалады.

Дегенмен жарақат өз мәселесін елеусіз қалдырмай ертенінде ержүрек те батыл подполковник I Прибалтика майданының №1136 эвакогоспиталіне түсіп, екі ай емделіп шығады /4/.

Сауығып шыққан соң ол Мәскеу қаласында Жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясы Бас саяси басқармасының үгітшісі болып екі ай жұмыс атқарады. Бірақ бұл іс ұзаққа созылмай екінші рет Мәскеу қаласындағы орталық Қорғаныс халық комиссариатының госпиталінде тоғыз айдай жатып емделіп шығады. Одан шыққан соң 1945 жылдың қазан айына дейін I Белорусс майданында 364 атқыштар дивизиясының саяси бөлім басқармасының орынбасары болады.

Десекте С. Бәйішев соғыс жылдарын толық басынан өткізіп басшы орындарында болса да штабта отырған жоқ. Ол жауынгерлер мен бірге қан майданның ортасында жүре соғысып, екі рет жараланып неміс басқыншыларын ақырына дейін тізе бүктіре қуып, әскери жолын Рехстағқа шабуыл жасаған Үшінші екпінді армияның құрамында Берлинде аяқтады. С.Бәйішевтің әскери комиссар болғандығы жайында көптеген очерктер мен естеліктер жазылды. Солардың ішінде оның майдандастары: жазушы Ә. Нұршайықовтың «Майдан дәптерінен» атты повесі, А.И. Халимулдина (Прокопенко), А.К. Халимулдиннің «Мәншүктің жұлдызды сағаты» атты кітабы ерекше орын алады /5/.

Соғыс аяқталып көп күттірген Ұлы Жеңісте келіп жетеді. Болашақ ғалым өмір жолын енді оқу-ғылым саласында өрбітуді армандайды. Бірақ 1946 ж. қаңтарынан бастап Алматы қаласында мәдениет саласын басқару қызметіне ұсынылады. С. Бәйішев мәдениет саласындағы басшылық жұмыстан бас тартатындығын айтып хат жазған еді. Онда, бұл жұмысқа қарсылығына қарамастан ОК кадрлар бөлімі өнер орталығына тағайындалғандығын хабарлағаны, осыған байланысты өнер орталығын басқару жүйесімен таныс емес екендігін, өнер ауқымында жұмыс істегісі келмейтіндігін және негізі ғылыми-педагогика жолында еңбек еткісі келетіндігі турасында айтқан еді /6/.

Десекте онда бір жыл көлемінде істеген ғалым енді өзінің қалаған ғылыми жолына бет бұрады. Ол Марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институтының қазақ филиялының жоғарғы ғылыми қызметкері болып ауысады. Сөйтіп болашақ ғалым, академик, қоғам қайраткері, вице-президент ғылым саласына ауысады. Ол бұл жұмысында өз еңбегіне деген аса құтты, жоғары ұйымдастырушылық қасиетімен тереңірек таныла түседі. Ортасымен, жалпы адамдармен қарым-қатынасы әдепті әрі салмақты да шыншыл еді. Марксизм-ленинизм институты классиктері еңбектерін аудару бөлімінің редакторы әрі партия мүшесі болды /7/.

Ал 1947-1956 жылдар аралығында осы институттың директоры болып қызмет атқарады. Директорлық қызметін ала жүріп ұйымдастырушылығы бар әрі қажірлі еңбеккерлігінің арқасында 1948 жылы экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін «Қазақстанды социалистік индустрияландыру» атты тақырыптағы диссертациясын қорғап шығады.

1956 ж. 5 шілдеде марксизм-ленинизм институтының директорлығынан Қазақ ССР Ғылым академиясының Президенті Қ.И. Сатпаевтың басшылығымен өткізілген жалпы мәжілісінде С. Бәйішев вице-президент болып ауысады /8/. Осы қызметте жүре тұрып 1958 жылы «Қазақстанның халық шарушылығы» журналының және «Қазақ ССР тарихының» екінші томының редакциялық алқасының мүшесі болды. Ал, 1959 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып тағайындалады.

Академик С. Бәйішев жұмысы ауыр, басты орындарда жүрсе де ғылыми еңбектерін жазып, шәкірттер шығарып әрі газет-журналдардың алқалық мүшелерінде қажымай-шаршамай еңбектер атқарды. С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде саясиэкономия кафедрасының доценті, яғни сабақ берді. Сонымен қатар оның экономика ғылымын ғана емес, тарих ғылымына да жете зерттеу проблемаларына қосқан үлесі аз емес. Ол К. Маркстің «Капиталын», К. Маркс пен Ф.Энгельстің екі томдық таңдамалы шығармаларын, В.И. Лениннің «Россиядағы капитализмнің дамуы», «Империализм – капитализмнің жоғарғы сатысы» атты және көптеген еңбектерді тұңғыш рет қазақ тіліне аударса, И. Сталинның «ССР Одағында социализмнің экономикалық проблемалары» сияқты сол кезеңнің басты да жауапты шығармаларын редакциялаған /9/. Сондай-ақ, «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы», «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары, Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналдарының бас редакторы еді.

Кейіннен 1962 жылы «Қазақстандағы социализмнің жеңісі» атты докторлық диссертациясын табысты қорғап 14 шілдеде Жоғарғы Аттестациялық комиссиясының шешімімен экономика ғылымдарының докторы болады. Ал 1963 жылы оған саяси экономия профессоры атағы берілді /10/.

1956-1968 жылдары С. Бәйішев Қазақ ССР Ғылым Академиясының вице-президенті, 1968 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ ССР Ғылым Академиясы Экономика институтында саяси экономия

бөлімінің жетекшісі болып қызмет атқарды. Ол саналы ғұмырының 40 жылдан астамын өзі армандаған ғылым саласына арнады. Көптеген еңбектер жазды, шешуші істер атқарды.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанның тұралаған экономикасын жақсарту негізгі мәселелердің бірі болғаны мәлім. Міне осы сала бойынша кадрлар дайындау экономикалық ғылымының қалыптасып дамуына С. Б. Бәйішұлының да қосқан еңбегі зор. Ол - еліміздің экономикасының аса маңызды проблемаларын шешуге, тарихын дамытуға 300-ден астам ғылыми еңбектерін арнаған көрнекті қоғамтанушы-ғалым.

С.Бәйішев артынан тек еңбектер ғана емес білікті де білімді әр қайсысы шынар биіктен көрінетін шәкірттер тәрбиелей білді. Оның жетекшілігімен 7 докторлық, 30 кандидаттық диссертациялар қорғалды /11/. Олардың ішінде тарихтың біртуар тарланы атанған академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев, Кенжеғали Сағадиев, Сағындық Сатыбалдин, Нұрғали Мамыров, профессор Дүйсенхан Қабдиев сынды үлкен ғалымдар бар.

С.Бәйішұлының сіңірген еңбегі жоғары бағаланады. Ол 1940 ж. «Еңбек Қызыл Ту», 1945 ж. «І дәрежелі Отан соғысы орденімен», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және «Берлинді алғаны үшін» медальдарымен, 1950 ж. «Құрмет белгісі» орденімен, 1961 ж. «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағы берілсе, 1965 ж. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жиырма жылдығы» медалімен, 1968 ж. СССР Қарулы Күштеріне елу жыл» медалімен және монографиясы үшін «Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық, 1970 ж. «Қажырлы еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 толуы құрметіне», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске жиырма бес жыл» медальдарымен және 1982 ж. «КПСС қатарында болғанына 50 жыл» атты құрметті белгілерімен наградталды /12/.

Бүгіндері белгілі ғалым, академик С. Бәйішұлының есімін мәңгі есте қалдыру үшін оның Алматыдағы соңғы жылдары тұрған Горкий көшесіндегі 60- үйге мемориялдық тақта орнатылса, Алматы қаласының бұрынғы Центральный көшесін Академик С. Бәйішев есімімен атады. Сондай-ақ С. Бәйішев балалық шағында оқыған Ақтөбе облысындағы Темір орта мектебін және Ақтөбе қаласындағы облыстық кітапхана ғалым есімімен аталады.

Артынан қыруар еңбек қалдырған белгілі ғалым, қоғам қайраткері, академик Сақтаған Бәйішевтің есімі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге және мәңгі ел есінде сақталады.

1. Академик С.Бәйішев –тұлға: азамат, ғалым, қайраткер. –Алматы:Ақыл кітабы.2000. -19 б.

2. Қазақстан Республикасының Президентік мұрағаты (ҚРПМ). 708-қор, 75-тізбе, 37-іс, 97-парақ

3. ҚРПМ. 708-қ., 75-т., 37-іс, 97-п.

4. Академик С.Бәйішев –тұлға: азамат, ғалым, қайраткер. –Алматы:Ақыл кітабы, 2000. -58 б.

5. Академик С.Бәйішев тұлға: азамат, ғалым, қайраткер. –Алматы:Ақыл кітабы, 2000. -8 б.

6. ҚРПМ. 708-қ., 75-т., 37-іс, 33-п.

7. ҚРПМ. 708-қ., 75-т., 37-іс, 42-п.

8. ҚРПМ. 708-қ., 75-т., 37-іс, 54-п.

9. ҚРПМ. 811-қ., 99-т., 1275-іс, 1-99 пп.

10. ҚРПМ. 708-қ., 75-т., 37-іс, 68-п.

11. С.Б. Байшев. Библиография ученых Казахстана. -Алматы: Ғылым, 1989.- 55 б.

12. ҚРПМ. 708-., 75-т., 37-іс, 4-п.

Резюме

В этой статье автор знакомит нас с видным представителем казахской интеллигенции - Сактаганом Байшевым.

Summary

In this article considers of one of the visible representative of the kazakh's intelligentsia Saktagan Baishev.

АКАДЕМИК К. НҮРПЕЙІСТІҢ ҒЫЛЫМИ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ